



Наурыз
құтты болсын!

Ұйымдастырушылар: А.А.Кабашева

А.М.Кушаева



**Қош
келдіңіздер**





**«Шанқырақ сыны»
сайысы**

Сайыс бөлімдері:

1. Таныстыру.

2. «Қоржын сұрақтары»
сұрақ-жауап сайысы.

3. «Өнерлінің қолы алтын»

(аталары қамшы тоқиды, әжелер жүн түтіп, иіреді, ал немересі «Балапан» топ бүлдіршіні қағаздан оюды қияды, ал II кіші «Еркем-ай» топ бүлдіршіні желімдеп жапсырады).

4. «Білімдіден ақыл шығар, ақылдыдан нақыл шығар».

Бала тәрбиесі тақырыбына байланысты мақал-мәтелдердің бірінші жартысы слайд арқылы тақтада көрсетіліп тұрады, жалғасын тауып, мәнін түсіндіру қажет.

5. «Батамен ел көгерер» Аталар бата беріп жарысады.



I-кезең Таныстыру

*Әр жанұя өздерін таныстырып
өтеді.*



II-кезең

«Қоржын сұрақтары»


Сұрақ –жауап сайысы. Алдымен аталарға, содан соң әжелерге, кейін балаларға сұрақтар қойылады.



“Аталарға
қойылатын
сұрақтар”



33 рамки

- 
- Үш дананы атаңыз
 - Төрт періште
 - Бес намаз
 - Жеті жок


- **Үш дана** - Абай, Шоқан, Ыбырай
- **Төрт періште** – Жәбірейіл, Әзірейіл, Мекайіл, Исрафил
- **Бес намаз** – Таң, бесін, екінті, ақшам, кұптан
- **Жеті жоқ** - Аллада бауыр, аспанда тіреуіш, таста тамыр, тасбақада талақ, аққуда сүт, жылқыда өт

- 
- Үш байлық
 - Төрт мұрат
 - Бес парыз
 - Жеті жүт

- **Үш байлық** - денсаулық, ақ жаулық, он саулық
- **Төрт мұрат** – дау мұраты-біту, сауда мұраты – ұту, жол мұраты – жету, қыз мұраты -кету
- **Бес парыз** – Иман, намаз, ораза, зекет, қажылық
- **Жеті жұт** - зілзала, жұт, оба, соғыс, өрт, топан су, құрғақшылық

- 
- Үш тұл
 - Төрт маусым
 - Бес қару
 - Жеті қазына

- **Үш тұл** – қайратсыз ашу, тұрлаусыз ғашық, шәкіртсіз ғалым
- **Төрт маусым** -қыс, көктем, жаз, күз
- **Бес қару** –садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта
- **Жеті қазына** – ер жігіт, сұлу әйел, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, құмай тазы


- 
- Үш алыс
 - Төрт кітап
 - Бес жаратылыс
 - Жеті ата

Үш алыс –көк пен жер арасы, кәрі мен жас арасы, жақсы мен жаман арасы

- **Төрт кітап** – Мұсаның кітабы – Тәурет. 2. Дәуіттің кітабы – Забур. 3. Исаның кітабы – Інжіл. 4. Мұхамбет пайғамбардың кітабы – Құран
- **Бес жаратылыс** - Күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн
- **Жеті ата** - бала, әке, ата, арғы ата, баба, ту ата, тек ата



**“Әжелерге
қойылатын
сұрақтар”**



«Тілашар» қай
кезде жасалады?

Тілашар (дәстүр). Тілашар тойына арнап шашу шашады. Әр отбасы баласы 7 жасқа толған соң мектепке оқуға береді. Бұл да бала өміріндегі елеулі оқиға, есте қаларлық елеулі кезең болып табылады. Осы күні балаға жаңа киім кигізіп, оқу-жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны дәстүрлі «тілашар» тойы деп атайды. Үлкен-кішілер балаға өсті, азамат болды, «ғалым бол» деген сияқты тілек білдіріп бата береді. Жаңа киіміне байғазы, тағымдар ұсынады. Бұл тәрбиеден бала өскендігінің белгісін сезінеді, оқуға құмарлығы артады. Жақын – жуық адамдар баланың ата – анасына құтты болсын айтып, балаға сәт-сапар тілейді.



Жеті ата қалай аталады?




Жеті ата (дәстүр). Жеті атасын білмеген – жетесіз (мәтел). Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жаттатқан. Мұның әлеуметтік зор мәні болған. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғыадамдар бір – бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Сондықтан әр қазақ баласы өз ата-тегін білу тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған. Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары таратылады. Оның дәлелі: «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың камын жер» деген қазақ даналығына тоқталсақ, әр адам өзінен кейінгі баласының, немересінің, әрі кетсе шөбересінің, атын білер. Одан ары білу үшін адам 100 жылдан астам өмір сүруі керек емес пе? Ал, ғасырдан аса беретін адам бар ма? Олай болса жеті ата: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. (Ата-тек деген сөз осыдан шыққан сөз).





Базарлық деген не?



Базарлық (дәстүр).– Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші – көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі – ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

Әженің бала тәрбиесіндегі
орны қандай?



Әже - баланың әжесінің, сондай - ақ, анасының шешесін атайтын, туыстық қатынасты білдіретін атау. Одан арғылары үлкен әже немесе ұлы әже деп аталады. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі.

Әже - отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайынның бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Ұлы адамдардың өзі осы әжелерден үлгі алған. Абайдың өзі кішкентай кезінен әжесі Зеренің ертегілерін тындап өскен. Шоқан да әжесінің өнеге сөздерін күнделік дәптеріне жазып қойғандығы естеріңде ме? Ол қандай өнеге сөз еді? «Байлық та, бақыт та тиянақсыз, ең тиянақты қасиет – өнер - білім»






**“Балаларға
қойылатын
сұрақтар”**




Ормандағы аюдың
Құлпынайы көп екен,
Теріп - теріп алайық.
Қалтамызға.....

Үні ғажап дүлдүл,
бақта сайрар....





Өзінше ноян,
қорқак кім?....



Аю отыр партада
Екі қолы қалтада
Апай сабақ сұраса
Ұйықтап қалды.....

III-кезең

«Өнерлінің қолы алтын»

(аталары қамшы тоқиды, әжелер жүн түтіп, иіреді, ал немересі немересі «Балапан» топ бүлдіршіні қағаздан оюды қияды, ал II кіші «Еркем-ай» топ бүлдіршіні желімдеп жапсырады).



IV-кезең

«Білімдіден ақыл шығар, Ақылдыдан нақыл шығар»

Бала тәрбиесі тақырыбына байланысты мақал-мәтелдердің бірінші жартысы слайд арқылы тақтада көрсетіліп тұрады, жалғасын тауып, мәнін түсіндіру қажет.





№1

1.. Айла алтау,

...

Айла мен ақыл

қосылса,

...

2. Жеті атасын

білмеген

№1

- 1. Айла алтау,
Ақыл жетеу.
Айла мен ақыл
қосылса,
Алдырмайтын
екеу.**
- 2. Жеті атасын
білмеген
жетесіз.**





1. Ұлтарактай болса да

...

Ат төбеліндей болса да

...

2. Жақсының жақсылығын айт,

...



Жаманның жамандығын айт,


...



**1. Ұлтарактай болса да
Ата қонысы жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да
Туып өскен ел қымбат.**

**2. Жақсының жақсылығын айт,
Мейірі тасысын,
Жаманның жамандығын айт,
Құты қашсын.**





№3

1. Жақсыны арман оздырар,

...


2. Атаның ғана баласы болма,

... баласы бол.

№3

1. Жақсыны арман оздырар,
Жаманды құлқын тоздырар.

2. Атаның ғана баласы болма,
Елдің баласы бол.





№4

1. Түпкі айылдың батқанын

...

Ер жігіттің қадірін

...

2. Атаға қарап- ...

Анаға қарап- ...







№4

1. Түпкі айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер
Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмес, жат білер.

2. Атаға қарап- бала өседі,
Анаға қарап- қызы өседі.



V-кезең

«Батаменен ел көгерер,
Жаңбырменен жер көгерер»

аталар бата түрлерін беріп жарысады



Наурыз

мейрамы құтты болсын!

